

Петропавл қаласы бойынша құбыр суын жылыту және жылу қуатын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 656 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 10 шілдедегі N 13-1-72 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 6 қарашадағы N 2095 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 06.11.2013 N 2095 қаулысымен

Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 10 бұйрығымен бекітілген "Жылу энергиясын пайдалану ережесі" 67-тармағына сәйкес және жылу қуатының нормаларын анықтау үшін ұсынылған есептер негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы бойынша 1 және одан да көп қабатымен көп қабатты тұрғын үйдің 1 ш.м. алаңына жылу қуатын тұтыну және 1 адамға құбыр суын жылытуға норманы айына 0,03 Гкал/м² және тиісінше 0,16 Гкал/адам м ө л ш е р і н д е б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Петропавл қалалық әкімдігінің 2009.12.11 N 1522 Қаулысымен

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қала әкімі